

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 26 қыркүйектегі № ДС-348

Құрметті депутаттар!

Заңсыз лотерея ұйымдастыру мәселесіне қатысты сауалды қарастыра отырып, келесіні хабарлаймын.

Ойын бизнесі және лотерея қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында Үкімет Туризм және спорт министрлігінің құрамында Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитетін (*бұдан әрі – Комитет*) құрды.

Комитет қызметінің негізгі бағыттарының бірі – әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу арқылы заңсыз лотерея ұтыстарын ұйымдастырушыларды анықтау және оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту болып табылады.

2024 жылғы ақпан айынан бастап Комитет заңсыз лотерея қызметін тоқтату бойынша және ұйымдастырушыларды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (*бұдан әрі – ӘҚБтК*) 445-1-бабының 6 және 7-бөліктеріне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Айталық, 2024 жылы заңсыз лотерея ұйымдастырғаны үшін (*ӘҚБтК-нің 445-1-бабының 6-бөлігі*) 101 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы 41 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.

Сонымен қатар ӘҚБтК-нің 445-1-бабының 7-бөлігіне сәйкес құқық бұзушылық қайталанған жағдайда кірістерді тәркілеп, айыппұл салу көзделген.

Заңсыз лотерея ұйымдастырғаны үшін жауапкершілікке тартылған алаяқтар туралы толық ақпаратты бірыңғай желіде жариялау туралы ұсыныс қолдау тапты, осыған байланысты Үкімет Туризм және спорт министрлігіне (*бұдан әрі – Министрлік*) заңсыз лотерея қызметін ұйымдастырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалардың тізілімін өзінің ресми сайтында орналастыру жөнінде тапсырма берді.

Қазіргі уақытта Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті лотерея қызметі саласындағы айналымға толық бақылауды жүзеге асырады, оған төлеушілер мен төлемеушілер туралы ақпараттың мониторингі де кіреді, бұл барлық қаржы легінің ашықтығы мен есебін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Министрлік салық органдарына лотерея ұйымдастыру саласындағы қайталама құқық бұзушылық бойынша әкімшілік қозғалған тұлғалардың кірістері туралы мәлімет беру міндетін енгізуге бағытталған заңнамалық түзетулер әзірледі. Қазіргі таңда бұл түзетулер мүдделі мемлекеттік органдармен келісу барысында.

Министрлік қазіргі уақытта заңсыз лотерея ұйымдастырушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту шараларын күшейту мақсатында айыппұл мөлшерін арттыру және қызметін тоқтата тұру түрінде заңнамалық түзетулерді де пысықтауда.

Сонымен қатар Үкіметтің тапсырмасы бойынша Министрлік құқық қорғау органдарымен бірге заңсыз лотерея ұйымдастырушыларға қатысты қылмыстық іс қозғау үшін табыс мөлшері шегін төмендету мәселесі бойынша заңнамалық түзетулер әзірлеу жұмысын бастады.

Қаржылық алаяқтықтың (*қаржы пирамидалары, лудомания және т.б.*) алдын алу мақсатында Білім министрлігі Қаржылық мониторинг агенттігімен бірге мектеп оқушылары арасында (*6-11 сыныптар*) «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» жобасын іске асыруда.

Сонымен қатар Қаржылық мониторинг агенттігі орта білім беру ұйымдары үшін жасөспірімдердің қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Qarju Saqshysy» интерактивті ойынын әзірледі.

Үкімет депутаттар корпусымен бірге заңсыз лотерея ұйымдастырушылардың қызметін тоқтату бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

О. Бектенов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-348 от 26 сентября 2025 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос касательно организации незаконных лотерей, сообщаю следующее.

В целях усиления государственного контроля в сфере игорного бизнеса и лотерейной деятельности Правительством создан Комитет по регулированию игорного бизнеса и лотереи Министерства туризма и спорта (*далее – Комитет*).

Одним из направлений деятельности Комитета является мониторинг социальных сетей с целью выявления незаконных организаторов лотерейных розыгрышей и последующего привлечения их к административной ответственности с наложением штрафа.

С февраля 2024 года Комитетом ведется системная работа по пресечению деятельности незаконных лотерей и привлечению организаторов к административной ответственности в соответствии с частями 6 и 7 статьи 445-1 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» (*далее – КоАП*).

Так, в 2024 году к административной ответственности за организацию незаконных лотерей (*по части 6 статьи 445-1 КоАП*) привлечено 101 лицо на общую сумму штрафов 41 млн тенге.

При этом в соответствии с частью 7 статьи 445-1 КоАП при повторном правонарушении предусмотрен штраф с конфискацией дохода.

Предложение по публикации в единой сети полной информации о мошенниках, привлеченных к ответственности за организацию незаконной лотереи, поддерживается, в связи с чем Правительством дано поручение Министерству туризма и спорта (*далее – Министерство*) по освещению на своем официальном сайте реестра лиц, привлеченных к административной ответственности за организацию незаконной лотерейной деятельности.

В настоящее время Комитетом государственных доходов Министерства

финансов осуществляется полный контроль за оборотом в сфере лотерейной деятельности, включая мониторинг информации о плательщиках и неплательщиках, что позволяет обеспечить прозрачность и учет всех финансовых потоков.

Кроме того, Министерством разработаны законодательные поправки в части обязанности налоговых органов предоставлять сведения о доходах лиц, в отношении которых возбуждены административные дела по повторным нарушениям организаций лотерей, которые в настоящее время согласовываются с заинтересованными государственными органами.

Министерством в настоящее время прорабатываются законодательные поправки по ужесточению административной ответственности организаторов незаконной лотереи в виде увеличения штрафа с приостановлением деятельности.

Кроме того, по поручению Правительства Министерством совместно с правоохранительными органами начата работа по выработке законодательных поправок в части снижения порога дохода для возбуждения уголовного дела в отношении организаторов незаконных лотерей.

Для профилактики финансового мошенничества (*финансовые пирамиды, лудомания и т.д.*) среди учащихся школ (*6-11 классов*) Министерство просвещения совместно с Агентством финансового мониторинга реализует проект «Закон и порядок» в рамках Единой программы воспитания «Адал азамат».

Также Агентством финансового мониторинга для организаций среднего образования разработана интерактивная игра «Qarjy Saqshysy», которая способствует повышению финансовой грамотности подростков.

Правительством совместно с депутатским корпусом будет продолжена работа по пресечению деятельности незаконных организаторов лотерей.

О. Бектенов